

YAPKER

# Қара жорға

## Әңгіме

Қараңғы қою түн. Лепіре соққан салқын жел. Деміл-деміл жаңбыр бүркіп қояды. Әйтеуір,мазасыз түн. Қара жорға қарағайлы үңгірінен мекен тапқан. Қазір міне жықпыл-жықпылды қуалап,қара жорғаның үйірі қайдасың деп, олардың табан иістерін жалап келе жатқан шолақ құйрық көкжал бөрілердің сырттаны болса, қара жорға жылқының бетке ұстар сұлтаны еді.

Жылқының сұлтаны мен бөрілердің сырттаны өмір деп аталатын мына қу тірліктің ауыр соқпақтарында талай рет кездескен ескі таныстар. Бір-бірінен өш алсақ дейтін астыртын ой екеуінің де жүрегінде берік әрі терең сақтаулы. Әсіресе бөрілердің сырттаны бұрылып артына қарағанда өзінің шолақ құйрығын көретін. Көретін де өткір тістерін шықырлататын...

Манадан көкжалдың сырттаны шолақ құйрық бөрілердің айлалы әккі қулығына салып жылқыға иісі сезілмейтін қапталда жербауырлап келе жатыр еді. Жас құлындардың нәзік иісі тұмсығын қапқанда ол енді одан әрі шыдай алмады. Жалт беріп,құлақтарын алға жұмыра,тісін ақсита орғыды. Соңындағы тіпенек жұмыр күшіктері де жұлқына ұмтылды. Жылқының алды дүр сілкініп, етегі құзар жар тік қияға қарай жөңкіді. Жылқының алды құзар жарға құласа,бәрі соған түсіп мерт болмақ. Қара жорғаның ішкі сезігі осыны болжап келеді. Енді үйірінің бетін қайырмақ оймен бар пәрменімен жосылта шауып жар жақтан екпіндете итермелеп ең алда келе жатқан шабдар көк ту биені белеңге қарай итермелей бұра берді. Шабдар көкті бұра итермелей жүріп жосылтып келе жатқан шұбалаңқы үйірдің ұзына бойына көз салды. Іздегені қара бие мен өзіне аумай тартқан еркек қара құлын. Өне,олар да құзар жардың жиегімен зымырап келеді. Жүрегі дір етіп енді соларға қарай шапты. Қарсы кимелеп ара биеге оқтау бойы енді жете бергенде, қап-қара бұжыр тасқа нәзік табанын берік орнықтыра алмай,аяғы тайған қара құлын шыңғырған қалпы шыңырауға кете барды. Ішкі бар жан дүниесін ыза мен қайғының ұлы дерті кернеп,көзі қанталаған қара жорға бойын дүлей күш кернеп үйірдің соңына қарай жосылта зымырады. Бұл кезде бөрілердің сырттаны-шолақ құйрық бір тайдың жұмсақ санына апан ауызын енді сала берген еді. Кенет зілдей ауыр қара батпан күш сарт етіп, көзінің отын жарқ еткізді. Есін жиып,сілкініп алған шолақ құйрық ұяластары мен терең құздан талып естілген қара құлынның әлсіз үні шыққан жаққа беттеді.

Иә, қара жорғаға тіл бітсе осының бәрін өзі айтар еді-ау. Амал бар ма?!

Бозарып ақ таң атты. Өзеннің ар жағынан жамыраған қойлардың,жүгіріп ойнаған балдырғандардың дауыстары еміс-еміс естіледі. Мен ауылдан алыстай бердім. Қара жорға үйірін тас кемерге шоқтай үйіріп, өзі берірек жеке дара бөлініп шықты. Екі көзі терең ылди жаққа қадалған. Қарайғанға қарап қимылсыз тұр.

**Елдос Тоқтарбай**